

**Қоғамдық көлікте тегін жүруге құқығы бар, денсаулық сақтау мемлекеттік жүйесінің іс-әрекетін жолға шығып жасайтын қызметкерлерінің тізімін бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 3 шілдеде N 962 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007 жылғы 27 желтоқсандағы N 323 Қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2007.12.27 N 323 Қаулысымен**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 19 мамырдағы "Қазақстан Республикасында халықтың денсаулығын сақтау туралы" Заңының 69 бабына сәйкес және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 1997 жылғы 31 қазандағы "Қоғамдық көлікте тегін жүруге құқығы бар, мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің іс-әрекетін жолға шығып жасайтын қызметкерлер тізімін бекіту туралы" N№544 бұйрығы негізінде облыс әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоғамдық көлікте тегін жүруге құқығы бар, мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің іс-әрекетін жолға шығып жасайтын қызметкерлер тізімі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Денсаулық сақтау мемлекеттік ұйымдарының басшылары қоғамдық көлікте іс-әрекетін жолға шығып жасайтын қызметкерлердің тегін жүруі үшін бюджеттен бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдалануын қамтамасыз етсін.

3. "Қоғамдық көлікте тегін жүруге құқығы бар, мемлекеттік денсаулық сақтау жүйесінің іс-әрекетін жолға шығып жасайтын қызметкерлер тізімін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2003 жылғы 25 сәуірдегі N№98 қаулысының күші жойылсын.

*Облыс әкімі*

Облыс әкімдігінің  
"Қоғамдық жалпы көлікте  
тегін жүруге құқығы бар,  
денсаулық сақтау мемлекеттік  
жүйесінің іс-әрекетін жолға  
шығып жасайтын қызметкерлер  
тізімін бекіту туралы"

**Қоғамдық жалпы көлікте тегін жүруге құқығы бар, денсаулық сақтау мемлекеттік жүйесінің іс-әрекетін жолға шығып жасайтын қызметкерлер тізімі**

Учаскелік дәрігерлер: терапевтер, педиатрлар, психиатрлар, фтизиатрлар, онкологтар, акушер-гинекологтар, наркологтар;  
жалпы тәжірибедегі дәрігерлер, отбасылық дәрігерлер;  
терапевтік және педиатриялық учаскелердің мейірбикелері;  
туберкулезге қарсы күрес, психиатриялық, онкологиялық, наркологиялық мекемелердің, диспансерлердің, бөлімшелердің, бірлестіктердің учаскелік мейірбикелері;  
жалпы тәжірибедегі және отбасылық дәрігерлердің мейірбикелері;  
әйелдер консультациясының учаскелік акушерлері;  
мыналар бойынша санитарлық дәрігерлер: коммуналды гигиена, тамақтану гигиенасы, балалар мен жасөспірімдер гигиенасы, жалпы гигиена, радиациялық гигиена, еңбек гигиенасы және олардың көмекшілері бойынша;  
эпидемиолог дәрігерлер, паразитолог дәрігерлер, дезинфекционист дәрігерлер, зоологтар, энтмологтар және олардың көмекшілері;  
жедел бөлімшелердің дезнұсқаушылары, дезинфекторлары, инженерлері және технологтары.